



Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкісіне қызметтік үй-жай бөлу туралы <*> Ескерту. Қаулыға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, ол жаңа редакцияда берілді - ҚРМК-нің 1995.09.04. N 1224 қаулысымен. ~P951224

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 19 қазан 1994 ж. N 1174

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік экспорт-импорт банкін және Қазақстанның Мемлекеттік Даму банкін қайта ұйымдастыру туралы" 1995 жылғы 21 тамыздағы N 1144 P951144_ қаулысы қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін Алматы қаласының Пушкин көшесіндегі 118-үйге орналастырсын;
үйдің 100 проценттік құнын Қазақстан Республикасының мемлекеттік

Экспорт-импорт банкісінің жарғылық қорына қосу үшін оның құнын бағамдасын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Орталық Азия Ынтымақтастық және даму банкін оның талап-тілегін ескере отырып, басқа үйге орналастырсын;

Орталық Азия Ынтымақтастық және даму банкі орналасатын үйде отырған барлық кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді он күндік мерзімде көшіретін болсын;

Орталық Азия Ынтымақтастық және даму банкісінің жарғылық қорына қосу үшін бөлінетін үйдің (үй-жайдың) құнын бағамдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК